



2024 жылдың 01 сәуіріне


**Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.**



**ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.**

2024 жылдың 1 сәуіріне елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несиелік портфель көлемі **30 283 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 57%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несиелік (NPL) көлемі **929 млрд теңге**, немесе жалпы несиелік портфельінің **3,07%** құрады (2024 жылдың 1 наурызына – 906,4 млрд теңге немесе 3%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несиелік деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **жеке тұлғаларға** келеді – 649,8 млрд теңге немесе 70% (01.03.2024 ж. – 622 млрд теңге).


Шағын және орта бизнеске – 243,7 млрд теңге немесе 26% (01.03.2024 ж. – 246,5 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **заңды тұлғаларға** келеді – 34,6 млрд теңге немесе 4% (01.03.2024 ж. – 37,3 млрд теңге).

01.03.2024 ж.
NPL құрылымы



01.04.2024 ж.
NPL құрылымы



Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«KASPI BANK» АҚ** келеді – 224 млрд теңге немесе несие портфелінің 4,7%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:


– **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** – 209 млрд теңге (несие портфелінің 2,2%);

– **«Jusan Bank» АҚ** – 96 млрд теңге (несие портфелінің 8,1%);

– **«Bereke Bank» АҚ** – 89 млрд теңге (несие портфелінің 6%);

– **«Еуразиялық Банкі» АҚ** – 83 млрд теңге (несие портфелінің 5,5%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несиелер портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ** келеді – 9,9%.

Әрі қарай несиелер портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Jusan Bank» АҚ** (8,1%); **«Нұрбанк» АҚ** (7,1%); **«Bereke Bank» АҚ** (6%) және **«Заман-Банк «Ислам банкі» АҚ** (5%).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады